



Автор: Сағызбаева Майра Батырқызы
Пән: Дүниетану. Тарих компоненті
Сынып: 1-сынып
Бөлім: Дені саудың – жаны сау
Тақырып: Үйдегі қауіпсіздік ережесі

Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)	1.1.4.3. үйдегі қауіпсіздік ережесін түсіндіру 1.1.4.6. шұғыл көмек қызметтерін біледі және олармен хабарласу жағдайларын анықтау
Сабақ мақсаттары	Барлық оқушылар: үйдегі қауіпсіздік ережесін түсінеді, шұғыл көмек қызметтерін біледі Көптеген оқушылар: үйдегі қауіпсіздік ережесін құрастырады, шұғыл көмек қызметтеріне хабарласу жағдайларын анықтайды. Кейбір оқушылар: жазатайым жағдай болғанда алғашқы көмек көрсетуді тәжірибеде қолданады
Бағалау критерийлері	- үйдегі қауіпсіздік жағдай себептерін түсінеді; - қауіпсіздік ережесін құрастырады; - шұғыл көмек қызметтерінің телефондарын біледі; - қауіпті жағдайдан өзін және басқаларды құтқаруды үйренеді
Тілдік мақсаттар	Пәнге тән лексика мен терминология: қауіп- қатер, жазатайым жағдай, шырпы, оттық. Қауіп - қатер дегеніміз- табиғаттан және қауіпті заттардан туындайтын адамға зиян келтіретін жағдай Жазатайым жағдай дегеніміз- адамның денсаулығына немесе өміріне залал келтіретін оқиға Оттық, шырпы сөздері сіріңке сөзімен синонимдес деп ұғындыру. Қауіп – қатер-опасность-danger , жазатайым жағдай - несчастный случай- accident, құтқару қызметі - служба спасения- emergency тілде үйренеді. Диалог пен жазу үшін пайдалы сөздер мен тіркестері қолданылады
Құндылықтарды дарыту	«Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясының құндылықтарының 7- тармағында айтылғандай «Ұлттық қауіпсіздік және еліміздің бүкіләлемдік, өңірлік мәселелерді шешуге жаһандық тұрғыдан қатысуы мемлекетіміздің белсенді, теңестірілген, сындарлы және жауапты ішкі саясатының мәні» екендігін басшылыққа ала отырып, оқушыларға қауіпсіздік ережелерін құрастыртып, қандай да бір қауіптің алдын алуға тәрбиелеу.
Денсаулық және техника қауіпсіздігінің сақталуы	Ширату жаттығуы, сергіту сәті, АКТ қолдануда уақытты ескеремін.
Пәнаралық байланыс	Көркем еңбек, музыка, сауат ашу, математика

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
-----------------	------------------------	-----------

Сабақ барысы

I. Ынтымақтастық орта қалыптастыру.

Біз әдепті баламыз, Айтқан тілді аламыз. Достарымызды көргенде, Қуана қарсы аламыз. Топқа бөлу. Түстер арқылы топқа бөлінеді. Қызыл түс - «Өрт сөндірушілер» тобы, ақ түс- «Жедел жәрдем» тобы, көк түс - «Құтқарушылар» тобы

Балалардың зейінін сабаққа шоғырландыру мақсатында ширату жаттығуларын орындайды: Пазлымен жұмыс. Топ мүшелері үйдің бейнесін құрастырып шығарады.Үй туралы әртүрлі пікірлерін ортаға салады. Тақтада «менің, қамалым, үйім, менің» деген орны ауыстырылған сөздерден сөйлем құрастырады.

Шешуі: Менің үйім- менің қамалым. Олай болса, біз үйімізден пана табамыз, салқыннан қорғанамыз, жақындарымыздың сүйіспеншілігіне бөленеміз. Дегенмен үйімізде де қауіпті жағдайлар орын алуы мүмкін.

«Қауіп - қатер» деген не? (адам өміріне қауіп төндіретін жағдайлар) Қауіп қатер қай жерлерде кездеседі? (үйде, суда, табиғатта, көлікте, қоғамдық ортада т.б) Бізді қауіп- қатерден кімдер қорғайды?(ата ана, шұғыл көмек қызметтері)


II. Жаңа сабақ тақырыбы: «Үйдегі қауіпсіздік ережелері»Олай болса, бүгінгі сабақта үйде болатын қауіпті жағдайлармен танысамыз. Үйде қандай қауіпсіздік жағдайлар орын алуы мүмкін? (су, электр құралдары, балкон, газ, лифт, жылу, тұрмыстық жабдықтар т.б.) Мұндай құралдар барлық үйде кездесетіндіктен, қауіпті жағдайлар орын алуы мүмкін.

Қауіп - қатер дегеніміз- табиғаттан және қауіпті заттардан туындайтын адамға зиян келтіретін жағдай Үш тілдеүйренеді. Қауіп - қатер-опасность- danger, жазатайым жағдай - несчастный случай- accident, құтқару қызметі - служба спасения- emergency

Тапсырмалар. Топтық жұмыс. 1. «Суреттер сөйлейді» әдісі. Бұл заттар бір сөзбен қалай аталады? Оларды не үшін қолданамыз? Қандай қауіп туғызуы мүмкін?


«Өрт сөндірушілер» тобының тапсырмасы:

Image not found or type unknown




«Жедел жәрдем» тобының тапсырмасы:

Image not found or type unknown




Түрлі- түсті стикерлер

Image not found or type unknown



«Бағыт- бағдар» парағы(өзін-өзі бағалау) таратылады


Image not found or type unknown



Сабақтың ортасы

1- тапсырма.«Жасырынған заттар» әдісі (ТЖ) «Өрт сөндірушілер» тобы.

Image not found or type unknown



Тапсырма: үйдегі қауіпті заттардың ішінен өрт тудыратын заттарды тауып, қызыл түспен бояйды.

(ТЖ)«Жедел жәрдем» тобы. Тапсырма: үйдегі қауіпті заттар бейнеленген суреттерді жұмбақтың сипаттау белгісіне қарай сәйкестендіріп жапсырады.

Image not found or type unknown




Image not found or type unknown






Image not found or type unknown



Бұл... Оны адам ауырғанда

ғана қолданады. Оны шамадан тыс қолданса адам улануы мүмкін


Image not found or type unknown



Бұл ... Ол айқасқан үшкір зат.

Оны абайлап қолдану керек.

Image not found or type unknown



Бұл ... Ол өте өткір. Оны

үлкендердің көмегіңіз

Сабақтың соңы

Бекіту тапсырмалары: Жеке жұмыс. «Элективті тест» (әрбір оқушыға А, В, С арқылы белгіленген түстері сәйкес қызыл, сары, жасыл стикерді таратады. Әрбір сұрақты қойғаннан кейін 20 сек. Кідіріп, тест жауабына сәйкес әріпті көтереді. (дұрыс, дұрыс емес жауапты диалог құру арқылы талқылайды)

- Сіріңкемен ойнама бұл қауіпті.
- Жуылмаған жеміс- жидектерді жеуге болмайды
- Дәрі, витаминдерді рұқсатсыз ішпеу керек
- Қаңғыбас иттер мен мысықтарға тиіспе және тамағын тартып алма
- Таныс емес адамдармен жай кезде және телефон арқылы да сөйлеспе
- Тоқ көздері келетін розеткаға жолама
- Балконға, терезеге асылып тұрма
- Лифтіде секіруге, ойнауға болмайды


Ұжымдық жұмыс. «Кинометафора» әдісі. (мәселе бойынша бейнесюжеттен үзінді көрсетіледі. Қолдарындағы телефон нөмірі жазылған тірек сигналдарын көтереді.)

Есте сақта! Жалған ақпарат таратуға болмайды. Ол үшін өзің және ата - анаң жауапкершілікке тартылады.

Жұптық жұмыс. «Бір минуттық әңгіме» әдісі. (оқушылар қарама қарсы сызық бойымен қатарға тұрып, өз өмірлерінде кездескен қиындықтар туралы әңгімелеседі, жеңу жолдарын ұсынады)

Дескриптор: - қауіп - қатерден сақтану жолдарын біледі; - шұғыл көмек қызмет телефондарын есте сақтайды; - ситуациядан шығу жолдарын үйренеді

Қ.Б. «Түрлі түсті стикер» тәсілі бойынша бағаланады.



Сабақ соңындағы кері байланыс «Менің үйім- менің қорғаным» әдісі. Оқушылар «Керемет!», «Жақсы!», «Маған көмек керек!» деген сөздер жазылған стикерлерге өз есімдерін жазып) тақтада бейнеленген көп қабатты үйдің бір қабатына жабыстырады.

